

## ХАТТАМА № 2

23 желтоқсан 2020 жыл

«Дөң мектеп-гимназиясы» КММ

### Қамқоршылық кеңес отырысы

Қатысқандар: 9 адам

#### Күн тәртібінде:

1. «Бала құқығын қорғау – басты міндетіміз»
2. «Аз қамтылған отбасында тәрбиеленіп жатырған балалармен жасалынған жұмыс нәтижелері»
3. «Оқушыларға арналған сыныптан тыс шаралардың өтілу барысы».

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз алған «Қамқоршылық кеңес» төрайымы Жұмашева А.Е. қамқоршылық кеңес мүшелеріне Дөң құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізіліп жатырған шаралар туралы айтып өтті. Балаларды қорғау мақсатында жиі-жиі тест жұмыстарын алып, ата-аналармен, оқушылармен түрлі форматтағы кездесулер өткізіліп отырылу керектігін айтты. Себебі, толық емес отбасында, туыстарының қолында, өгей немес сотталған туыс-жақындарының қолында тәрбие алып жатырған оқушылар ересектер тарапынан зорлық-зомбылық көрмеуі тиіс. Балалардың бақытты, еркін өсуіне толық жағдай жасау әрқайсымыздың тікелей борышымыз екенін атап өтті. Мектепте атқарылып жатырған іс-шаралар мен жалпы тәртіп туралы ауылдық округ инспекторы ретінде қамқоршылық кеңес мүшесі Р.Т. Сагинтаев қысқаша айтып өтті.

Келесі мәселе бойынша сөз алған кеңес мүшесі Ермеккарина А.Қ мектепте аз қамтылған отбасыларда тәрбиеленіп жатырған оқушылардың әлеуметтік көмек көрсетілетін 18 оқушы бар екенін. Оларға күн сайын мектеп асханасынан тегін тамақ берілетінін және мүмкіндігіне қарай мектеп ұжымы мен жеке адамдардың демеушілігі арқылы киім мен азық-түлік жағынан көмек көрсетіліп отырылатындығын айтып өтті. Сонымен қатар бұл тізімнің қажетіне қарай үнемі өзгеріп отырылатындығын, ешқандай әлеуметтік жағдайы төмен бала назардан тыс қалмай, уақытылы көмек алатындығын айтып өтті.

Оқушыларға арналған сыныптан тыс шаралардың өтілу барысы туралы кеңес мүшесі Ажигулова А.Б. мектепте үнемі сыныптан тыс тәрбиелік шаралардың жүргізіліп келетінін, мектеп пен ауыл кітапханасы тарапынан да көптеген шаралар ұйымдастырылып жүргенін айтты. Қамқоршылық кеңес мүшелері болашақ ұрпаққа білім мен тәрбиенің қай кезде де аса қажет



екендігін, ол үшін мұғалім мәртебесі жоғары тұру керек екендігін мақұлдап өтті.

### ШЕШІМ:

1. Мектеп оқушыларының құқығын қорғау мақсатында үнемі мектеп пен отбасы – бала арасында тығыз байланыс орнатылсын. Балалардың ересектер тарапынан зорлық-зомбылық көру жағдайларының алдын алу мақсатында жасалынып жатырған іс-шаралар одан әрі жандандырылсын.
2. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасында тәрбиеленіп жатырған оқушыларды үнемі, уақытылы қамқорлыққа алдын алу үшін кез келген жағдай, мектеп тарапынан арнаулы тіркеуге алынып, түзету жұмыстары жүргізіліп отырылсын.
3. Ата-ана мен мектеп арасында тығыз байланыс орнатылып, түрлі іс-шаралар жүргізілсін. Қосымша тәрбиелік іс-шаралардың рөлін арттыру жұмыстары жасалынсын.

Кеңес төрайымы

Хатшысы

Кушенова К.Е

Бекова Г.К